

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 142 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 10 қаңтарда № 26424 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 - бабының 1- тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) сәйкес, Қаратөбе ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімдігінің 18.02.2025 № 20 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын және бекітілсін.

2. "Қаратөбе ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (А.Карменов) осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімінің орынбасары Р.Иманғалиевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қаратөбе ауданының әкімі

К. Суйеугалиев

Батыс Қазақстан облысы
Қаратөбе ауданы әкімдігінің
2021 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 142 қаулысына
қосымша

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

			Сауда қызметін	Стационарлық емес сауда	Жақын орналасқан инфрақұрылым (ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын
--	--	--	----------------	-------------------------	--

№	Орналасу орны	Алатын алаңы (шаршы метр)	жүзеге асыру кезеңі (жыл)	Қызмет саласы	объектілерінің түрі	с а у д а объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері)
1	Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Қаратөбе ауылдық округі, Қаратөбе ауылы, Мұхит көшесі № 12 А, "Гүлрайхан" дүкенінен сол жақта	360	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	автодүкен, автомат, дүңгіршек, жылжымалы сөре, шатыр (павильон)	"Гүлрайхан" дүкені
2	Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Саралжын ауылдық округі, Қарақамыс ауылы, Б.Қаратаев көшесі № 13, "Маржан" дүкенінен оң жақта	50	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	автодүкен, автомат, дүңгіршек, жылжымалы сөре, шатыр (павильон)	"Маржан" дүкені
3	Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Қаракөл ауылдық округі, Ақтай сай ауылы, Қазақстан көшесі, № 10 үйге қарама-қарсы	50	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	автодүкен, автомат, дүңгіршек, жылжымалы сөре, шатыр (павильон)	жоқ
	Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы,				автодүкен, автомат,	

4	Жусандой ауылдық округі, Жусандой ауылы, Жамбыл көшесі, № 22 үйге қарама-қарсы	60	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	дүңгіршек, жылжымалы сөре, шатыр (павильон)	жоқ
5	Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Аккозы ауылдық округі, Қоржын ауылы, Бейбітшілік көшесі, № 8 үйге қарама-қарсы	50	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	автодүкен, автомат, дүңгіршек, жылжымалы сөре, шатыр (павильон)	жоқ
6	Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Егіндікөл ауылдық округі, Егіндікөл ауылы, М.Маметова көшесі № 4 үйге қарама-қарсы	50	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	автодүкен, автомат, дүңгіршек, жылжымалы сөре, шатыр (павильон)	"Ақбота" дүкені
7	Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Сулыкөл ауылдық округі, Қалдығайты ауылы, Құнанбаев көшесі, № 5 үйге қарама-қарсы	150	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	автодүкен, автомат, дүңгіршек, жылжымалы сөре, шатыр (павильон)	жоқ
	Батыс Қазақстан					

8	облысы, Қаратөбе ауданы, Қоскөл ауылдық округі, Қоскөл ауылы , Қаржауов көшесі № 11, мәдениет үйі ғимаратына қарама-қарсы	150	5	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	автодүкен, автомат, дүңгіршек, жылжымалы сөре, шатыр (павильон)	"Зере" дүкені
---	--	-----	---	--	---	---------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК